



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының құрылғанына 35 жыл толуына орай 2025 жылдың 8-қазанында **«ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ ИСЛАМ: КӨРІНІСТЕРІ, ПЛАТФОРМАЛАРЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ»** атты тақырыпта халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылатынын хабарлайды. Конференция ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылатын «Сандық кеңістіктегі ислам (қазіргі Қазақстан мысалында)» (ИРН «АР19680228») ғылыми гранттық жоба аясында жүзеге асырылады.

Конференцияның өтетін орны: Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 73, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті

Конференцияның жұмыс тілі – қазақ, араб, ағылшын, орыс.

Конференция офлайн және онлайн форматында жүреді.

Конференцияға сандық ислам тақырыбын зерттеп жүрген отандық және шетелдік мамандар, ғалымдар, дінтанушылар, сонымен қатар елімізге танымал діни блогерлер мен сарапшылар, діни бірлестік өкілдері шақырылады.

Конференцияның мақсаты:

Қазіргі Қазақстандағы мұсылмандық ортада интернеттік технологияның алатын орны мен ықпалын, оның мүмкіндіктері мен сын-қатерлерін талқылау, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жұмыстарының цифрлану деңгейін, сондай-ақ виртуальды кеңістікте діни білім берудің, исламдық құндылықтарды насихаттаудың тиімді жолдарын саралау.

Конференцияның міндеттері:

- Республикадағы ислам дінінің цифрлануын, виртуалды кеңістіктегі діни қызметтерінің негізгі бағыттары, түрлері мен тәсілдерін сараптау;
- Сандық дәуірдегі әлеуметтік желілер мен жаңа медиа құралдарының ислам дініне, діни тәжірибеге және мұсылман қоғамына ықпалын талқылау;
- Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жұмыстарының монетизациялануы;
- Заманауи жаңа технологиялардың діни сананы қалыптастырудағы мән-маңызын зерделеу;
- Онлайн платформалар арқылы исламдық білім беруді жетілдіру жолдарын қарастыру;

– Жаһандану жағдайында жасанды интеллекттің діни құндылықтарға әсерін зерделеу;

– Ақпараттық қауіпсіздік мәселелері – діни экстремизмнің алдын алу, жалған діни ақпаратпен күресу және сенімді исламдық контент қалыптастыру стратегияларын ұсыну;

– Қазақстандағы ислам діні құндылықтарын насихаттау, тарату жұмыстарындағы интернетті тиімді құрал ретінде қолдану тәжірибелері мен заманауи тәсілдерін анықтау;

– Ғылыми және технологиялық ынтымақтастық – дінтанушылар, теологтар, IT-мамандары және медиасарапшылар арасында тәжірибе алмасу арқылы жаңа ғылыми-зерттеу бағыттарын дамыту.

Баяндамашылардың назарына:

Талаптарға сәйкес келмейтін баяндамалар қабылданбайды. Материалдардың мазмұнына авторлар өздері жауапты. Ұйымдастыру комитеті мен редакциялық алқа конференцияға ұсынылған мақалаларды іріктеу және жариялау құқығын өзіне қалдырады.

Конференцияға ғылыми мақалалар 2025 жылдың 25 қыркүйегіне дейін ғана қабылданады.

Ғылыми мақалалар gylym@nmu.edu.kz электрондық поштасына жіберілуі тиіс. Толық ақпарат тел.: 8708 535 39 79.

Ғылыми мақаланың құрылымы:

- **Андатпа** (150 сөз) қазақ ағылшын, мақаланың жазылған тілінде.
- **Түйін сөздер:** 5-8 сөз.
- **Кіріспе:** 200-250 сөз.
- Тақырыпты таңдауды дәйектеу және ғылыми зерттеудің мақсаты мен міндеті.
- Ғылыми зерттеудің әдіснамасы.
- **Негізгі бөлім:** зерттеу жұмысының нәтижелері мен талдау.
- **Қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімі.** Пайдаланылған әдебиеттер тізімі немесе библиографиялық тізім әлеуметтік-гуманитарлық бағыттар бойынша 15-тен кем болмауы қажет, ал ағылшын тіліндегі тақырыптардың жалпы саны кемінде 50% болуы керек. Егер әдебиеттер тізімінде кирилл қарпімен жазылған деректер болса, сілтемелер екі нұсқада ұсынылуы тиіс: бірінші — түпнұсқа мәтінде, екінші — романизацияланған (латын әрпіне аударылған) нұсқада.

Мақаланы рәсімдеу үлгісі:

- **Бет параметрлері:** жоғарғы жағы - 2 см, төменгі жағы - 2 см, сол жағы - 3 см, оң жағы - 1,5 см.
- **Шрифт:** Times New Roman шрифті; шрифт мөлшері – 12 pt
- Қатар аралық интервал біреу; азат жол - 1 см; кітаптық; колонтитулсіз және бетті көрсетпеу керек; текст көлемі бойынша түзуленген;
- Дәйексөздер мен пайдаланылған әдебиеттерді рәсімдеу **APA 7** стиліне сәйкес орындалуы тиіс.
- Файл бірінші автордың аты-жөнімен аталуы керек.
- **Көлемі:** 10-15 бет.

Талаптарға сәйкес жазылған және рецензенттердің оң бағасын алған баяндамалар мақала түрінде «Исламтану зерттеулері» ғылыми журналында жарияланады.

Конференцияға тіркелу үшін төмендегі QR кодты оқытыңыз:

